

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 189 "Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 76 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 мамырда № 6124 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Ырғыз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ырғыз ауданы әкімінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 189 "Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4012 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 03 қыркүйекте аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ырғыз ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ырғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А. Тұртаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Елеусізов

КЕЛІСІЛДІ:

Ырғыз аудандық аумақтық

сайлау комиссиясының

төрағасы М. Сембі

"11" сәуір 2019 жыл

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуір

№ 76 қаулысына қосымша

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 13

тамыз № 189 қаулысымен бекітілген

Ырғыз ауданы бойынша кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

p/c	Ауылдық округтердің атауы	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Ырғыз ауылдық округі	Ырғыз	"Ырғыз аудандық почта байланыс торабы" АҚ ғимаратының алдындағы – тақта, Ыбырай Алтынсарин №12
2	Ырғыз ауылдық округі	Ырғыз	"Мария" дүкені жанындағы – тақта, Темірбек Жургенов көшесі №73
3	Ырғыз ауылдық округі	Ақши	Ақши ауылдық клуб ғимаратының жанындағы – тақта, Жолболсын Шайқақов көшесі №17
4	Ырғыз ауылдық округі	Қалыбай	"Ырғыз аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қалыбай негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы - тақта, Мейірхан Жүсіпов көшесі №1
5	Аманкөл ауылдық округі	Құतिकөл	Құतिकөл ауылдық клуб ғимаратының алдындағы – тақта, Есен Игібаев көшесі №39
6	Аманкөл ауылдық округі	Аманкөл	Аманкөл ауылдық клуб ғимаратының алдындағы – тақта, Тел Жаманмұрынов көшесі №4
7	Аманкөл ауылдық округі	Жарма	"Ырғыз аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Нарқызыл негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы – тақта, Төлеу Манасов көшесі №32
8	Қызылжар ауылдық округі	Құрылыс	Қызылжар дәрігерлік амбулаториясының ғимаратының алдындағы – тақта, Лайық Шоқпаров көшесі №6
9	Қызылжар ауылдық округі	Шенбертал	"Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Шаттық" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының алдындағы – тақта, Саймағанбет Сәдірбаев көшесі №15
10	Қызылжар ауылдық округі	Жаныс би	"Тепсен" медициналық пунктінің ғимаратының алдындағы – тақта, Достық көшесі №41
11	Құмтоғай ауылдық округі	Құмтоғай	Құмтоғай дәрігерлік амбулаториясының ғимаратының алдындағы – тақта, Өтеу Құдайбергенов көшесі №1
12	Құмтоғай ауылдық округі	Қарасай	Қарасай фельдшерлік амбулаториялық пункт ғимаратының алдындағы – тақта, Дауренбек Сарин көшесі №1

13	Құмтоғай ауылдық округі	Қарақұдық	Қарақұдық фельдшерлік пункт ғимаратының алдындағы – тақта, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл көшесі №12
14	Нұра ауылдық округі	Нұра	Нұра ауылдық клуб ғимаратының алдындағы – тақта, Темірбек Жүргенов көшесі №57
15	Нұра ауылдық округі	Мамыр	Мамыр ауылдық клуб ғимаратының алдындағы – тақта, Әбу бақсы көшесі № 32
16	Нұра ауылдық округі	Белшер	Белшер ауылдық клуб ғимаратының алдындағы – тақта, Серік Сатанов көшесі №19
17	Нұра ауылдық округі	Дүкен	"Ырғыз аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Дүкен негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы – тақта, Күркебай Рспанбетов көшесі №16
18	Тәуіп ауылдық округі	Құйлыс	"Ырғыз аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Балбөбек" бөбекжай - бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының алдындағы – тақта, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл көшесі №1
19	Жайсаңбай ауылдық округі	Жайсаңбай	Жайсаңбай медициналық пункт ғимаратының жанындағы – тақта, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 20 жыл көшесі №6